

Тақырып:

**Қылмыстық құқық
бұзушылықтардың көптігі**

Пән:

ҚР Қылмыстық құқығы (Жалпы б.)

Жоспар:

- **1)** Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің түсінігі, оның жеке күрделі қылмыстардан айырмашылығы
- **2)** Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің нысандары (түрлері)
- **а)** Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәртебі
- **б)** Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы
- **в)** Қылмыстардың қайталануы

Нормативтік материалдар:

- 1) «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 Нормативтік қаулысы.
- 2) «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №8 Нормативтік қаулысы.

- **Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі** – бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылық жасауы, егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың кем дегенде екеуі бойынша оны қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігі жойылмаған болса.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің БЕЛГІЛЕРІ:

- **САНДЫҚ** – бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.
- **САПАЛЫҚ** – кем дегенде екі қылмыстық құқық бұзушылықтың өзінің құқықтық салдарын сақтап қалуы:
 - а) адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған болса, оның ескіру мерзімі өтіп кетпеген болуы керек;
 - б) адам қылмыстық жауаптылыққа тартылған болса, соттылық жойылмаған немесе алынбаған болуы керек;
 - в) адам заңда көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болуы керек.

Жеке күрделі қылмыстық құқық бұзушылықтардың ТҮРЛЕРІ:

- 1) құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 2) балама әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 3) жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылықтар
- 4) созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтар

- **Құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтар** — әрқайсысында дербес қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар бірнеше әрекеттерден тұратын, бірақ олардың ішкі бірлігіне орай бір қылмыстық құқық бұзушылық деп қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.



Қарақшылық
=
бөтен мүлікті алу мақсатында
шабуыл жасау
+
жәбірленушінің өмірі мен
денсаулығына қауіпті күш қолдану

- Балама әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылықтар – объективтік жағы бірнеше бір-біріне балама болып табылатын әрекеттерді қамтитын қылмыстық құқық бұзушылықтар.



Есірткі заттарды заңсыз:

- дайындау
- өңдеу
- иелену
- сақтау
- тасымалдау
- жөнелту
- өткізу

- **Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылықтар** – бір қасақаналықпен және бір мақсатпен қамтылып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын бірқатар бірдей қылмыстық әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық (ҚР ҚК 11-баб. 4-бөл.).



Пәтерден
теледидарды
жасырын алу

+



Араға аз уақыт
салып, сол
пәтерден
ноутбукты
жасырын алу

Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері:

- бірқатар бірдей іс-әрекеттерден тұрады;
- ол әрекеттер бір қасақаналықпен және бір мақсатпен қамтылады;
- ол әрекеттер тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайды.

- **Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтар** – адамның өзіне заңмен жүктелген міндетті ұзақ уақыт бойы орындамауымен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.



Ата-анасының
кәмелетке толмаған
балаларын асырауға
арналған қаражатты
төлеуден жалтаруы

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің нысандары (түрлері):

- 1

- 2

- 3

- **Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәртелігі** — ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті жасау (ҚР ҚК 12-бабы).

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәртелігінің белгілері:

- **1)** жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бірдей болуы керек, яғни ҚК-тің бір бабымен немесе бабының бөлігімен көзделуі керек
- **2)** адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталмаған болуы керек
- **3)** адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болуы керек.
- **Ескерту:** Қылмыс пен қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше мәртелікті құрамайды



**Қылмыстық құқық бұзушылықтардың
бірнеше мәртелігі жауаптылыққа қалай
әсер етеді?**

- Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы
Қылмыстық кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары ҚК-тің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады (ҚР ҚК 12-баб. 4-бөл.).

- Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы ҚК-те неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары ҚК-тің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады (ҚР ҚК 12-баб. 5-бөл.).

- Егер бірнеше рет жасау қылмыстық-құқықтық нормада саралаушы белгі ретінде көрсетілсе, онда белгілі бір адамның бірнеше ұқсас қылмыстар жасауы осы қылмысты бірнеше рет жасағаны үшін жауаптылық көздейтін ҚК тиісті бабы (бабының бөлігі) бойынша тұтастай саралауға жатады.

(«Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 Нормативтік қаулысы)



Ахметов офистен ноутбукты жасырын алып шығады (ҚР ҚК 188-бабы).



Араға апта салып жеңіл автокөліктің дөңгелектерін шешіп алады (ҚР ҚК 188-бабы).

Ахметовтың әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіздер.



Ахметовтың әрекеттерін ҚР ҚК 188-баб. 2-бөл. 2 және 3-тармақтары бойынша, бірнеше рет, тұрғын үй-жайға заңсыз кіру жолымен жасалған ұрлық деп саралаймыз.

- **Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы** — Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекетті жасау (ҚР ҚК 13-бабы).

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығының белгілері:

- 1) жасалған құқық бұзушылықтар әртекес болуы керек, яғни ҚК-тің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерімен көзделуі керек
- 2) адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталмаған болуы керек
- 3) адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болуы керек.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығының түрлері:

- **Шынайы жиынтық** – бірнеше әрекетпен бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау.
- **Идеалдық жиынтық** – бір әрекетпен бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау.





**Қылмыстық құқық бұзушылықтардың
жиынтығы жауаптылыққа қалай
әсер етеді?**

- Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде сот әрбір құқық бұзушылық үшін бөлек жаза (негізгі және қосымша) тағайындап, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы немесе тағайындалған жазаларды толық немесе ішінара қосу арқылы түпкілікті жазаны айқындайды (ҚР ҚК 58-баб. 1-бөл.).



Ахметов офистен ноутбукты жасырын алып шығады (ҚР ҚК 188-бабы).



Араға апта салып кәмелетке толмағанның денсаулығына ауыр зиян келтіреді (ҚР ҚК 106-бабы).

Ахметовтың әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіздер.



Ахметовтың әрекеттерін ұрлық пен денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің жиынтығы бойынша саралаймыз (ҚР ҚК 188-баб. 2-бөл. 3-тарм. және 106-баб. 2-бөл. 11-тарм.).

- **Қылмыстардың қайталануы** — бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның ауыр қылмыс жасауы (ҚР ҚК 14-бабы).

Қылмыстардың қайталануының белгілері:

- 1) жасалған құқық бұзушылықтардың барлығы қылмыс болуы керек
- 2) алдыңғы қылмыс ауыр санаттағы қылмыс болуы керек
- 3) адам алдыңғы қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болуы керек
- 4) алдыңғы қылмысы үшін алынбаған немесе жойылмаған соттылығы болуы керек
- 5) жаңадан жасалған қылмыс ауыр санаттағы қылмыс болуы керек
- 6) алдыңғы ауыр қылмыс адам кәмелет жасына толған соң жасалған болуы керек

Соттылықтар саны мен жасалған қылмыстардың санатына қарай қылмыстардың қайталануының түрлері:

- **қарапайым қайталану**
- **қауіпті қайталану (ҚР ҚК 14-баб. 2-бөл.):**
 - 1) бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған адамның ауыр қылмыс жасауы;
 - 2) бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның аса ауыр қылмыс жасауы танылады

Қылмыстардың қайталануының заңда көзделмеген түрлері:

- Арнайы қайталану – нақ сондай қылмысты қайталап жасау
- Жалпы қайталану – кез келген қылмысты қайталап жасау

Қылмыстардың қайталануының заңда көзделмеген түрлері:

- **Пенитенциарлық** – алдыңғы қылмысы үшін жазасын өтеп жүріп жаңа қылмыс жасау
- **Постпенитенциарлық** – жазасын өтегеннен кейін жаңа қылмыс жасау



**Қылмыстардың жиынтығы
жауаптылыққа қалай
әсер етеді?**

- Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы Қылмыстық кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады (ҚР ҚК 14-баб. 4-бөл.).
- Мысалы:
- ҚР ҚК 54-баб. 1-бөл. 1-тарм.
- ҚР ҚК 59-бабы.



Аса көнігі бұзақылық жасағаны үшін сотталған Ахметов бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шығады (ҚР ҚК 293-баб. 3-бөл. 2-тарм.)



Жазасын өтеп шыға саласымен кәмелетке толмаған баланың денсаулығына ауыр зиян келтіреді (ҚР ҚК 106-бабы).

Ахметовтың әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіздер.

Ахметовтың әрекеттерінде қылмыстардың қайталануын анықтау алгоритмі

Жауабы: